

Тақырып: «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»

Күні: 01.09.2023

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға жалпы құндылықтар туралы ақпарат беру Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейтіп, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік бере отырып, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. - отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту.

АКТ-ны қолдану дағдылары: Слайд, презентация

Күтілетін нәтиже: Оқушылар патриотизм, еңбексүйгіштікке үйренеді

Бағалау критерийлері: Өзін-өзі бағалау

1. - Қайырлы күн, оқушылар! 1қыркүйек – Білім күнімен баршаңызды құттықтаймын.

Жаңа оқу жылында білімдеріңізді одан әрі жетілдіріп, жаңа табыстарға жетуге тілектеспін. Танысу тренингі. Жазғы демалыстары қалай өткені туралы әңгімелесу.



Тақырып: «Адалдық сағаты» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу.
Күні: 08.09.2023

Мақсаты:

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру

Көрнекілігі: плакат, кітаптар, видео

Өткізудің нысаны: Тәрбие сағаты

Өткізудің технологиясы мен әдістер: Пікірталас, сұхбат, құқықтық ақпарат.



Тақырып: «Абайлаңыз балалар»! /Жол ережесі туралы/

Күні: 15.09.2023

Жолда жүру ережелерін білеміз бе?

Мақсаты: Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру.

Оқушылардың қызығушылығын тудырып, ой - өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Жол белгілері, бағдаршам макеті, қиылған жіңішке ұзын жолақшалар (зебра жолы), бордюр макеті, сюжетті суреттер, автобус макеті, лото ойынына қажетті сурет пен белгілер суреті.

Техникалық құрал: АКТ.



Тәрбие сағатымызды қорыта келгенде, біздің қалаларымызда сол сияқты біз тұрғандай ауылдардың бәріне ортақ жолда жүру ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, барлық жүргіншілер мен жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Тәрбие сағатына белсене қатысып, ізденгіштік қабілетін көрсеткен оқушылар атап өтіледі.

Тақырып: «Діни экстремизм мен терроризмге» қарсы күрес

Күні: 22.09.2023

Мақсаты:

- Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс - деп, дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт - дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталар туралы діни экстремизм мен терроризмнің мағынасын түсіндіру;
- Студенттерге заңсыз жат діни ұйымдар туралы мағлұмат беру.

Міндеттері:

1. Білім алушыларды идеологиялық тақырыптарға арналған ақпарат көздерімен таныстыру. Жастарға діни экстремизмге қарсы күрес жолдары туралы ақпарат беру.
2. Білім алушылармен бірлескен іс - әрекеті арқылы, сұрақ - жауап пікір бөлісу.
3. Келер ұрпақ жас өренді өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру формасы: Кездесу сағаты

Жабдықтауы: Лед экран, шарлар

Көрнекіліктер: Видеороликтер

Тәрбие әдіс - тәсілдері: Түсіндіру, талдау, сұрақ - жауап, демонстрация әдістері.



Тақырып: «Кітап- ақыл ойдың азығы»

Күні: 29.09.2023

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік: Кітап –білім бұлағы,- дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.

2.Дамытушылық: Оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.

3.Тәрбиелік: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықты құрметтеуге, күтіп ұстауға үйрету.

Көрнекілік: Слайдтар, кітаптар.

Тәрбие сағатының барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі-оқушылармен сәлемдесу, мемлекеттік әнұранды орындату.



Тақырып: «Ұстаз-аты биік, әрі мәңгілік тұлға»

Күні: 06.10.2023

Тәрбие сағатының мақсаты:

Ұстаз еңбегінің жемісі, білім өмір шырығы, оқу — инемен құдық қазғандай деген ұғымдардың мағынасын оқушыларға түсіндіру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, газет, презентациялық көрініс.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» Абай.

«Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған» Ы.Алтынсарин.

«Барлық істің басшысы — білім мен ұғым» Ж.Баласағұни.

Адамның адамшылығы... жақсы ұстаздан болады. Абай Құнанбаев

Маған мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі. Ыбырай Алтынсарин.

Егер мұғалім өз бойына іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол — кемел ұстаз. К.Д. Ушинский

Ұстаз болу — өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. Ж.Ж.Руссо

Мұғалімділік мамандық — бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырғы мол рухани жан дүние үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер-ол даналықты жүректен ұға білу болып табылды. В.А. Сухомлинский.



Тақырып: «Біздің таңдау-жемқорлықсыз болашақ»

Күні: 13.10.2023


Мақсаты:

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру

Көрнекілігі: плакат, кітаптар, видео

Өткізудің нысаны: Тәрбие сағаты

Өткізудің технологиясы мен әдістер: Пікірталас, сұхбат, құқықтық ақпарат.



Тақырып: «Қазақстанның қасиетті, рухани құндылықтары»

Күні: 20.10.2023

Мақсаты: Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар - біздің тіршілігіміз,

бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, слайд.

Әдісі: сұрақ - жауап, ойталқы

(«Таң қалмаңыз» телебағдарламасы желісінде өтеді)

Мұғалімнің кіріспе сөзі

Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар - біздің тіршілігіміз,

бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, слайд.



Тақырып: «Отбасылық салт- дәстүрлер»

Күні: 27.10.2023

Өткізу мақсаты

- Өз отбасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін, ата-аналарға құрмет сезімін тәрбиелеу;
- Өз отбасының тарихына, отбасылық дәстүрлерге қызығушылықты дамыту;
- Сыныптастарының отбасыларына деген құрмет, оң қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Сынып ұжымының отбасыларын зерттеу;
- Орыс халқының ең көп таралған дәстүрлерімен танысу.

Сынып сағатына алдын ала дайындық

- Оқушылардың генеалогиялық ағаштарды құрауы;
 - Отбасында сақталған көне заттарды, құжаттарды іздеу;
 - "Отбасылық альбомға қараңыз" фотокөрмесін безендіру»;
 - Оқушылардың "Менің отбасым", "әулеттер", "мен өз отбасымда кіммен мақтана аламын", "біздің есімдеріміз" тақырыптары бойынша шығармалары.
- Отбасылық дәстүрлер отбасылық нормалар мен мінез-құлыққа, әдеттер мен көзқарастарға, сондай-ақ мұрагерлік дәстүрлерге тән. Сондай-ақ, отбасылық салт-дәстүрлер - күнделікті тұрмыстағы мінез-құлық тәртібі.

Некеге байланысты дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.

